

## **Халық тұтынатын тауарлар өндіруді ұлғайту және ақылы қызметті кеңейту жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 30 маусым 1993ж. N 553

Халық тұтынатын тауарлар өндірісін ұлғайту және олармен тұтыну нарығын молықтыру, арқылы қызмет көлемін кеңейту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері; Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары, мемлекеттік концерндері, корпорациялары, компаниялары, басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілер Дағдарысқа қарсы шұғыл шаралар және әлеуметтік-экономикалық реформаларды тереңдету бағдарламасы (экономикалық тұрақтандыру мен нарыққа көшу кезеңінде) ісіндегі аса маңызды міндеттердің бірі - халық тұтынатын тауарлар өндірісін арттыру мен халыққа қызмет көрсетуді кеңейту деп санайтын болсын.

Тамақ өнімдерін, киім-кешек, аяқ киім және басқа да тұтыну тауарларын шығаруды тұрақтандыру мен ұлғайту жөнінде нақтылы шаралар белгілесін.

2. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдеріне халық тұтынатын тауарлар өндіру мен оларды бөлшек саудаға беріп тұру (N 1 қосымша) және халыққа ақылы қызмет көрсету (N 2 қосымша) жөнінде тапсырма белгіленсін.

3. Министрліктердің, мемлекеттік концерндердің, бірлестіктер мен компаниялардың 1993 жылы азық-түлік емес тауарларды өндіру мен республика сауда ұйымдарына беріп тұру көлемдері жөніндегі ұсыныстары N 3 қосымшаға сәйкес қабылдансын.

4. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері, Қазақстан Республикасының халық тұтынатын тауарлар өндіретін министрліктері, ведомстволары мемлекеттік концерндері мен бірлестіктері бір ай мерзім ішінде сауда ұйымдарымен және кәсіпорындармен осы қаулының 2 және 3 тармақтарында белгіленген көлемдерге сәйкес оларға тауарлар беріп тұру жөнінде келісім жасауды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінен өнім өндіруші кәсіпорындарға айналым қаржыларын толықтыру үшін бөлінген әр сомға шаққанда халық тұтынатын тауарлар өндіруді екі есе ұлғайту кепілдігімен мақсатты несие ресурстарын бірінші кезекте бөлуді ескеру сұралсын.

6. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері министрліктері, ведомстволары, мемлекеттік концерндері мен ұйымдары Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "1993 жылы инвестициялық қор қаржыларын пайдалану туралы" 1993 жылғы 10 ақпанындағы N 95 қаулысында көзделген халық тұтынатын

тауарлар өндіру жөніндегі объектілерді салу барысын және оларды дер кезінде іске қосуды ерекше бақылауға алсын.

Есеп берілген айдан кейінгі айдың 10-күні Қазақстан Республикасының Экономика министрлігін осы объектілерді салу барысы туралы тоқсан сайын хабардар етіп отырсын.

7. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мүдделі министрліктермен, ведомстволармен, жергілікті әкімдермен бірлесе отырып, Инвестиция қорының қаржыларына анықтау мен қайта бөлу жөніндегі ұсыныстарды даярлау кезінде кәсіпорындардың аталған жылда дайын өнім беру кепілдігі бойынша халық тұтынатын тауарлар өндірісін дамытуға осы қордан қайтарым негізінде қосымша қаржы мүмкіндігін қарастырсын.

8. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мүдделі министрліктермен, ведомстволармен және жергілікті әкімшіліктермен бірлесе отырып, үкімет кепілдігі бойынша шетел кредиттерін тарту үшін дүниежүзілік нарықта бәсекеге түсе алатын халық тұтынатын тауарларды қысқа мерзімде шығаруды қамтамасыз ететін жобаларды пысықтап, оларды конкурс негізінде іріктеп алуды жүзеге асырсын. Бұларды Министрлер Кабинетінің бекітуіне үстіміздегі жылдың 25 тамызына дейін ұсынатын болсын.

9. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті, жергілікті әкімдер монополист-кәсіпорындардың еркін (нарықтық) бағалар бойынша сатылатын бағаларына мемлекеттік реттеу тұрғысында бақылау жасауды күшейтсін, бағаны ресми мәлімдеуден жалтарған кәсіпорындарға бақылауды және оларға айып салу тәртібін қатайта түссін.

10. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіне ТМД елдерінің кәсіпорындары мен банкілері арасындағы көпшілік қолды тауарларды өндіруге және олармен нарықты молықтыруға арналған шикізаттарды, қосалқы материалдарды төлеуге кететін есеп айырысулар жөніндегі ақша қаржыларының жылжуын жеделдетуге бақылау ұсынылсын.

11. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі, Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі белгіленген тәртіп бойынша Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің қарауына Әкімшілік құқық бұзу кодексіне (169, 170 және 205 баптар) лицензиялық нормалар мен ережелерді, Қазақстан Республикасының шегінен тыс, белгіленген мөлшерден артық шикізат, азық-түлік және өнеркәсіп тауарларын алып шығу немесе жөнелту тәртібін бұзғаны үшін айып салу шараларын қатаңдатуды көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізуді ұсынсын.

(12-тармақ) <\*> .

Ескерту. 12 тармақтың күші жойылған - Қ.Р.К.М. 1994 ж.

26 сәуірдегі N 435 қаулысымен.

13. Жергілікті әкімдер Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесе отырып, үстіміздегі жылдың үшінші тоқсаны ішінде халық тұтынатын тауарлар әкелетін және оны сататын мемлекеттік емес құрылымдардың барлық субъектілерін түгендеу мен қайта тіркеуді жүзеге асырсын.

14. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен бірлесе отырып, халық тұтынатын тауарлар өндіруге арналған шикізаттар мен материалдарды импорт бойынша сатып алу үшін:

"Қазтамақөнеркәсіп" мемлекеттік-кооперативтік бірлестігіне - 100 миллион долларға;

"Легинвест" акционерлік-инвестициялық компаниясына - 50 миллион долларға;

"Қазжиһазғашөнеркәсіп" концерніне - 2,5 миллион долларға сомдай қаржыларын еркін айналысқа қосуды қамтамасыз етсін.

15. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Экономика

министрлігі 1993 жылдың 20 шілдесіне дейін Үкіметке салық жеңілдіктерін, оның ішінде баж салығы жөніндегі жеңілдіктерді тоқтату туралы ұсыныс енгізсін.

16. Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен және Қаржы министрлігімен келісе отырып, осы қаулыда көзделген тапсырмалардың орындалу барысы туралы статистикалық ақпарат берудің тәртібі мен көрсеткіштерін анықтасын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1993 жылғы 30 маусымдағы  
N 553 қаулысына  
N 1 қосымша

Облыстық, Алматы әкімшіліктеріне 1993 жылы  
азық-түлік емес тауарлар өндіру мен оларды  
бөлшек саудаға беріп тұру жөнінде

ТАПСЫРМА

(Кесте)

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1993 жылғы 30 маусымдағы  
N 553 қаулысына  
N 2 қосымша

Облыстық, Алматы және Ленинск қалалық әкімшіліктерге  
1993 жылы халыққа ақылы қызмет көрсету жөнінде

ТАПСЫРМА

(Кесте)

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1993 жылғы 30 маусымдағы  
N 553 қаулысына  
N 3 қосымша

1993 жылы халық тұтынатын азық-түлік  
тауарларын өндіру және оларды Республиканың  
сауда орындарына беріп тұру

КӨЛЕМІ

(Кесте)